**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 441 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудитор таңдау жөнінде конкурс өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

| | |
|---|---|
| Бекетаев Руслан Бақытжанұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төраға |
| Есенов Амангелді Сағандекұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры, төрағаның орынбасары |
| Құсайынов Марат Әпсеметұлы | - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі |
| Баеділов Қанат Ескендірұлы | – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы |
| Биниязов Дархан Берікұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті директорының орынбасары |
| Тортаев Бауыржан Қадырұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша) |
| Ахметов Рашит Сайранұлы | - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Сабильянов Нұртай Салихұлы | – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |

Мұхаметкәрім Айгүл Мұхаметкәрімқызы – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Ибраймов Дәурен Қалмұханұлы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша).

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2015 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2015 – 2016 жылдарға жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазын айқындасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК